

ӘОЖ 801.6

Т.Е. Уразымбетов*, А.М. Байжуманова

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.
*E-mail: te.urazymbetov@mail.com

Айыптау қорытындысын ресімдеудің негіздері

Ғылыми мақалада алдын ала тергеуді аяқтаудың барлық түрін қарауға талпыныс жасалды. Мақаланың соңғы бөлігінде зерттеуші дәлелдеме келтірілуімен ғана шектеліп қоймай, зерттеу барысында алдын ала тергеудің әдебиетте аталған нысандарын да, сондай-ақ, аяқтаушы уақыт аралығы яғни – кезеңдері де талданды. Және де тергеушінің алдын ала тергеуді жүргізудегі құзіреті, құқықтары мен міндеттері іске қатысушылармен арақатынастары қандай болу керектігі қарастырылды.

Түйін сөздер: дәлел, дәлелдеу, қылмыстық жауаптылық, мән-жайлар, алдын ала тергеу, іс материалдары, алқа соты, қылмыстық істі бөлектеу, қамауда ұстау мерзімі, прокурордың өтініші, қорғаушы, айыптау қорытындысы, хронологиялық тәсілдер, жүйелік тәсілдер, қылмыстың фабуласы, қорытынды тезис, іс бойынша эпизодтар.

T.E. Urazymbetov, A.M. Baizhumanova
Fundamentals of design indictment

In the scientific state seen every kind of desire to deal with all kinds of konchaniya preliminary investigation. In the finishing part of the article, the researcher is not only limited to the presentation of the facts, but in the course of the study were interpreted and forms mentioned in literatures necessary preliminary investigation, as well as period of time for its completion. Also rassmarivalis rights and Obligations , competencies investigator and what should be its relationship with the participants must be mentioned the case.

Key words: evidence, proof, criminal responsibility, the circumstances, the preliminary investigation, the case files, shipbuilding jury selection criminal case zaklyucheiya time, the statement of the prosecutor, defense counsel, indictment, chronological techniques, system techniques plot crimes final thesis, episodes in the case.

Т.Е. Уразымбетов, А.М. Байжуманова
Основы оформления обвинительного заключения

В научной статье рассматриваются все виды окончания предварительного расследования. В завершительной части статьи исследователь не только ограничился представлением фактов, но и истолкованы формы, указанные в необходимых литературах предварительного расследования, а также промежуток времени для ее окончания. Также рассмаривались права и обязанности, компетенции следователя и его отношения с обязательными участниками дела.

Ключевые слова: доказательства, доказывание, уголовная ответственность, обстоятельства, предварительное расследование, материалы по делу, суд присяжных, выделение уголовного дела, сроки заключения, заявление прокурора, защитник, обвинительное заключение, хронологические приемы, системные приемы, фабула преступления, заключительный тезис, эпизоды по делу.

Айыптау қорытындысын жасап тергеуші іс бойынша өз қызметін аяқтауға құқылы, егер:

– дәлелденуге жататын барлық мән-жайлар анықталса;

– айыпталушының кінәсі дәлелдемелермен расталса;

– оның қылмыстық жауаптылығын жоққа шығаратын (қылмыстық істі қысқартуға негіз болатын) мән-жайлар болмаса.

Айыптау қорытындысын жасау алдында тергеуші бірқатар іс жүргізу әрекеттерін орындауы тиіс. Енді соларға тоқталайық.

ҚІЖК-нің 274-бабында былай делінген: «Алдын ала тергеуді аяқталған, ал жинақталған дәлелдемелерді айыптау қорытындысын жасау үшін жеткілікті деп танып, тергеуші ол жайында жәбірленушіні және оның өкілін, азаматтық талапкерді, азаматтық жауапкерді немесе олардың өкілдерін хабардар етуге және сонымен қатар оларға іс материалдарымен танысуға құқылы екендігін түсіндіруге міндетті». Мұндай хабар беру ауызша да, жазбаша да болады. Бұл жағдай істе жазбаша ресімделген хабарлама қағаздың, телефонограмманың немесе жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің немесе олардың өкілдерінің құқықтары ауызша түсіндірілгендігі туралы анықтаманың көшірмесін тіркеу арқылы көрініс табады. Практикада бұл адамдардың іс материалдарымен танысқысы келетін-келмейтіндігі ертерек анықталады. Бұл оларды азаматтық талапкер, жәбірленуші, т.б. ретінде таныған кезде болады. Олар өздерінің іс материалдарымен танысқысы келетін-келмейтіндігін тиісті қаулыда жазады. Хабар беруден өздері тікелей бас тартқанымен тергеуші оларға тергеудің аяқталғандығы туралы хабарлауға міндетті.

Көрсетілген адамдар тарапынан іс материалдарымен таныстыру жөнінде жазбаша немесе ауызша өтініш болса тергеуші жәбірленушіні, оның өкілін және азаматтық талапкерді немесе оның өкілін іс материалдарымен, ал азаматтық жауапкерді немесе оның өкілін қойылған талапқа қатысты іс материалдарымен таныстырады. Жәбірленушіге және оның өкіліне, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге немесе оның өкіліне іс материалдары, олар өз құқықтарын пайдаланғысы келетін жағдайларда ғана беріледі. Егер осы адамдар, мүмкіндігі бола тұрып, белгіленген уақытта іс материалдарымен танысуға келмесе, өз құқығын пайдаланғысы келетіні жайында тергеушіге ертесіне айтпаса, мұндай жағдай іс бойынша әрі қарай іс жүргізуге кедергі бола алмайды.

Тергеу анықтау формасында ғана жүргізілсе жәбірленушіге, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге және олардың өкілдеріне тек анықтаудың аяқталғандығы және істің прокурорға жіберілгендігі хабарланады, оларға іс материалдары танысуға берілмейді. Жәбірленушінің, азаматтық талапкердің және азаматтық жауапкердің танысу кезектілігі заңда белгіленбеген. Қылмыстық процестің бірнеше қатысушысын қылмыстық істің мазмұнымен бір уақытта таныстыру немесе қандай кезек белгілеу құқығы тергеушіге берілген. Іс материалдарымен танысудың барысы мен нәтижелері хаттамаға түсіріледі. Алдын ала тергеу органы бұл жайында берілген өтініштерді шешеді.

Егер айыпталушы қорғаушыдан бас тартса, онда қылмыстық істің барлық материалдары оған танысу үшін беріледі. Айыпталушы істің жүргізілумен танысуға қатысуы үшін қорғаушы шақыру туралы өтініш білдірсе, сондай-ақ қорғаушы іске қатысқан болса, тергеуші барлық іс материалдарын айыпталушы мен оның қорғаушысына береді. Бұл субъектілердің біреуінің өтініші болғанда ғана олар іс материалдарымен жеке-жеке танысуы мүмкін. Ондай өтініш, әдетте, өз қолымен жазған өтініш (арыз) түрінде іс материалдарында көрініс табады. Бұл ереже анықтаудың және алдын ала тергеудің жүргізілуі аяқталғанда қорғаушының қатысуы міндетті болып табылатын барлық жағдайларға таралады, яғни егер айыпталушы:

а) қылмысты кәмелетке толмаған жаста жасаса;

ә) ол мылқау, керек, соқыр немесе өзінің қорғану құқығын дене немесе ақыл-ой кемтарлығы себепті жүзеге асыра алмайтын адам болса;

б) сот ісі жүргізілетін тілді білмесе;

в) жазалау шарасы ретінде өлім жазасы қолданылуы мүмкін қылмысты жасады деп айыпталса;

г) алқа соты қарауы мүмкін іс материалдарымен танысса.

Егер алдын ала тергеу кезінде киноға түсіру немесе үн таспаға жазу қолданылса, олар айыпталушы мен оның қорғаушысына көрсетіледі және тыңдатылады. Іс бойынша бірнеше айыпталушы болса, онда оларға өздері қатысқан қылмыстар бойынша жинақталған материалдар ғана емес, қылмыстық істің барлық материалдары ұсынылады. Қылмыстық істің материалдарымен таныстыру кезінде облыстық, қалалық соттардың қарауына жататын қылмыстарды жасаған адамдарға тергеуші олардың ісін при-

саяжыйлар сотының қарауы туралы өтініш бере алатын құқығын, сондай-ақ мұндай өтінішті қанағаттандырудың заңдық салдары, присяжыйлар сотының үкіміне шағым келтірудің және ол шағымды қараудың ерекшелігін түсіндіреді.

Қылмыстық істі бөлектеу туралы қаулы шығарылған жағдайда істің барлық материалымен танысу процесі бөлектелген іс бойынша да, ол алынған іс бойынша да қайталануы тиіс. Әрине, мұндай жағдайда айыпталушылар тек «өздерінің» істерімен ғана танысады – істі присяжыйлар сотының қарағанын қалаған айыпталушы негізгі (өзінен екінші іс бөлініп шыққан) қылмыстық іс материалдарымен, ал істің жай сотта қаралуын қалаған айыпталушы бөлінген қылмыстық іс материалдарымен танысады. Айыпталушы мен оның қорғаушысы қылмыстық іс материалдарымен танысып болған соң тергеуші олардан қосымша алдын ала тергеу жүргізу туралы өтініші бар-жоғын сұрайды. Қылмыстық іс материалдармен танысқанда айыпталушы одан кез келген мәліметті кез келген көлемде жазып алуға құқылы. Тергеуші оны қаламсаппен және қағазбен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етуге міндетті.

Тергеуі аяқталған қылмыстық істің материалдары қамауда отырған айыпталушыға және оның қорғаушысына қамауда ұстаудың заңда белгіленген ең көп мерзімі өткенге дейін кемінде бір ай қалғанша танысуға ұсынылады. Айыпталушыны және оның қорғаушысын қамауда ұстаудың ең көп мерзімі өткенге дейін материалмен таныстыру мүмкін болмаса, бас прокурор, облыстық және оған теңестірілген прокурорлар, әскери прокурор қамауда ұстаудың ең көп мерзімі өткенге дейін кемінде 5 тәулік қалғанша бұл мерзімді ұзарту туралы облыстық және оған теңестірілген судья алдында өтініш қозғайды.

Судья өтініш келіп түскен күннен бастап бес күннен кешіктірмей мына қаулылардың біреуін қабылдайды:

1) қамауда ұстау мерзімін айыпталушымен оның қорғаушысының іс материалдарымен танысуы аяқталғанша және прокурордың істі сотқа жіберу кезіне дейін, бірақ алты айдан аспайтын мерзімге ұзарту туралы;

2) прокурордың өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы және адамды қамаудан босату туралы.

Қамауда ұстау мерзімі айыпталушы мен оның қорғаушысының алдын ала тергеуді толықтыру туралы өтінішін қанағаттандыру қажет болған жағдайда осы тәртіпте ұзартылады.

Қылмыстық іс материалдарымен танысуы үшін айыпталушыға жеткілікті уақыт бөлінуі тиіс. Қылмыстық іс материалдарымен танысу туралы хаттамада ол үшін бір-ақ сағат бөлінгендігі көрсетілгендіктен істі қосымша тергеуге қайтарған факт практикада бар. Алматы облысы Талғар қаласының соты ҚР ҚК-нің 138-бабы бойынша соттаған Б. өзінің іспен асығыс танысқанын, тергеушінің оны қосымша таныстырамын деп, бірақ уәдесінде тұрмағандығын сот мәжілісінде айтқан. Ал хаттамада Б. 313 парақтағы қылмыстық іспен сағат 17-ден 18-ге дейін танысты деп көрсетілген. Алматы облыстық сотының төралқасы үкімді бұзып, қосымша тергеу кезінде Б.-ның айтқанын тексеруді ұсынған.

Бұл ережеге қарамастан заң шығарушы айыпталушының іс материалдарымен танысу мерзіміне қандай да шектеу қоймайды. Айыпталушы, өз құқығын пайдалана отырып, істің сотта қаралуын мүмкіндігінше созуға әрекет жасаса, тергеуші мұндай қиянатты жоюға тиісті шара қолданады. Ондай шаралар: мұндай әрекетке жол берілмейтіндігін ескеру; іс материалдарын тергеушінің өзінің оқып беруі болуы мүмкін. Егер бұлардан да нәтиже болмаса тергеуші өзінің прокурор бекіткен дәлелді қаулысымен, іс материалдарымен танысу үшін жеткілікті белгілі бір мерзімді белгілейді. Айыпталушы аудандық (қалалық) соттың қарауына жатпайтын іс материалымен танысқан жағдайда тергеуші істі судьялар алқасының қарағанына айыпталушының келісетін-келіспейтіндігін анықтайды. Айыпталушының бұл мәселеге қатысты пікірі хаттамада көрсетіледі. Айыпталушының қорғаушысының қылмыстық істің барлық материалдарымен танысу кезіндегі құқығы ҚІЖК-нің 70-бабында баяндалған, ол:

1. Қорғаушы – заңда белгіленген тәртіппен сезіктілер мен айыпталушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын және оларға заң көмегін көрсететін адам.

2. Адвокаттарға, айыпталушының жұбайына (зайыбына), жақын туыстарына немесе заңды өкілдеріне, өз бірлестіктері мүшелерінің істері бойынша кәсіподақтың және басқа да қоғамдық бірлестіктердің өкілдеріне қорғаушы ретінде жол беріледі. Шетелдік адвокаттарға, егер ол Қазақстан Республикасының тиісті мемлекетпен халықаралық шартында өзара негізде көзделсе, заңдарда белгіленген тәртіппен іске қорғаушы ретінде қатысуға жол беріледі.

3. Қорғаушы айып тағылған не адам осы Кодекстің 68-бабының бірінші бөлігіне сәйкес се-

зікті деп танылған кезден бастап іске қатысуға жіберіледі.

4. Бір адам, егер сезіктінің, айыпталушының біреуінің мүддесі екіншісінің мүддесіне қайшы келетін болса, олардың екеуіне бірдей қорғаушы бола алмайды.

5. Адвокаттың өзіне қабылдаған сезіктіні немесе айыпталушыны қорғаудан бас тартуға құқы жоқ.

Айыпталушы мен оның қорғаушысына, сондай-ақ жәбірленушіге, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге және олардың өкілдеріне іс материалдарын ұсынғанда хаттама жасалынады, онда танысуға қандай материалдардың берілгендігі, танысу қайда, қашан, қанша уақыт болғаны, қандай өтініш білдіргені көрсетіледі. Айыпталушы іс материалдарымен танысудан бас тартса, бұл факт хаттамада көрініс табады, онда бас тартудың себебі көрсетіледі, егер оны айыпталушы айтқан болса. Хаттама өте ұқыпты жасалынады. Оған түзету жасамауға тырысу керек. Егер ондайдан құтыла алмаса, ол жайында хаттаманың соңында көрсетіледі.

Іс материалдарымен танысушы адам алдын ала тергеуді толықтыру туралы өтініш білдіруге құқылы. Жәбірленушінің азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің және олардың өкілдерінің жазбаша түрде баяндаған өтініштері жайында тиісті хаттамада белгі жасалынады, ал айыпталушы мен оның қорғаушысының өтініші барлық жағдайда хаттамаға кіреді. Барлық жазбаша өтініштер, сонымен қатар, қылмыстық іске тіркеледі. ҚДЖК-нің жобасында осы қарастырылып отырған іс жүргізу әрекетіне қатысты айыпталушы мен оның қорғаушысының тағы бір құқығы жайында айтылады. Онда былай делінген: айыпталушының сұралған куәгердің ішінен, сондай-ақ іске қатысушы сарапшылардың, мамандардың және куәгерлер ішінен жауап алу және қорғану позициясын растауы және олардың жауаптарын хаттамада көрсетуі үшін нақты кімдерді шақыру керектігін одан анықтау қажет.

Алдын ала тергеудің аяқталғаны туралы хабарлау және айыпталушыға іс материалдарын ұсыну туралы хаттамаға әдетте айыпталушының өзі және тергеуші (анықтау жүргізген адам, прокурор) қол қояды. Іс материалдарымен танысуға қорғаушы, заңды өкіл және т.б. сияқты өзге адамдар қатысқан жағдайда, олар хаттамадағы мәліметтердің дұрыстығын растап өз қолдарын қояды. Егер тергеуші жасалған өтінішті қанағаттандырудан толықтай немесе ішінара бас тартса, ол жайында дәлелді қаулы шығара-

ды, оны құжаттың көшірмесін тапсыра отырып өтініш мәлімдегенге хабарлайды. Қосымша тергеу әрекеттерін жүргізгеннен кейін, не істе жаңа құжаттың пайда болуына әкеп соғатын өтінішті басқаша қанағаттандырғанда тергеуші әрбір айыпталушыны және олардың қорғаушыларын, тиісті өтініш болған жағдайда – жәбірленушіні және оның өкілін, азаматтық талапкерді, азаматтық жауапкерді немесе олардың өкілдерін іс материалдарымен таныстыруға тиіс. Содан кейін тергеуші іс бойынша ақырғы шешімді – айыптау қорытындысын жасайды. Айыптау қорытындысында істің мәнісі, тағылған айыптың тұжырымы, қылмыстық заңның осы қылмыстар көзделген баптары (бөлігі, тармағы) баяндалады. Айыптау қорытындысы сот талқысының шекарасын анықтайды, ал сот қылмыстық істі айыптау қорытындысында тұжырымдамаларға айып шегінде ғана қарай алады.

Айыптау қорытындысын жасағанда, тергеуші, айыпталушы ретінде тарту туралы қаулыда баяндалған айыптауды ұлғайтуға немесе өзгертуге құқылы емес. Егер айыпталушыға ҚДЖК-нің жаңа бабы бойынша айып тағылмаса немесе арнайы қаулымен істің бөлігі қысқармаған болса тергеуші айыптаудың саралануын өзгертуге құқылы емес. Бұл талап айыпталушының қорғану құқығының кепілдігі. Айыптау қорытындысы сот залында жарияланатын құжат, сондықтан да ол қысқа әрі түсінікті, қисынды және қарапайым жазылуы тиіс. Істің мән-жайы және дәлелдеме құлаққа үйреншікті, жеңіл қабылданатын фразалармен жазылуы тиіс. Мүмкіндігінше фразалар қысқа болуы керек. Айыпталушылардың және басқа да процеске қатысушылардың, сондай-ақ сот залында отырғандардың әңгіме не жайында екендігін түсінуіне қиындық тудыратын күрделі заң терминдерін жөнсіз пайдаланудан аулақ болу керек. ҚДЖК-не сәйкес айыптау қорытындысы екі бөлімнен тұрады: сипаттау және қорытынды бөлімдер. Біздің және Арменияның ҚДЖК-тері тағы да кіріспе бөлімнен тұрады.

Істің материалдары қылмыстың жағдайын, оны жасаудағы себептер мен мақсатты оңай түсінетіндей етіп толықтырылуға және баяндалуға тиіс. Фабула адамды айыпталушы ретінде тарту туралы қаулыны қайталамауы керек. Оның көлемі де, мазмұны да аумақты болады. Фабулада ешнәрсе дәлелденбейді. Сипаттау бөлімінің соңында айыпталушының түсініктемесі, оның таққан айыпқа қарсылығы келтіріледі, айыпталушының қарсылығына қарсы дәлелдемелерге сілтеме беріледі.

Тергеу практикасы айыптау қорытындысының сипаттау бөлімін баяндаудың бірнеше тәсілін тапты. Оның ең негізгілері – хронологиялық, жүйелік және эпизодтық тәсілдер.

Хронологиялық тәсілде негізгі дәлелдемелер алдын ала тергеу кезінде қандай реттілікпен жинақталса, сол қалпында көрсетіліп қана қоймайды, тергеудің барысы мән-жайлар мен мазмұн көрсетіліп баяндалады. Әр тәсілді негізгі дәлелдемелер жанама болып келетін күрделі істерде қолданған дұрыс.

Жүйелік тәсілде, ал ол бір эпизодтық қылмыстық істердің 99%-ында қолданылады, тергеудің барысы емес, оның нәтижелері баяндалады, яғни қылмыс оқиғалары қалай дайындалған және жасалған тәртіпте беріледі. Әдебиетте айыптау қорытындысының жүйелік тәсілдегі схемасы беріледі, онда мыналар көрініс табады;

1. Қылмыстың фабуласы (мән-жайы).

2. Фабулада сипатталған іс-әрекетке заңдық баға беру.

3. Осы іс-әрекет субъектісіне айып тағылғандығы туралы мәліметтер.

4. Қылмыстың қылмыстық жауаптылыққа тартылмайтын қатысушыларына қатысты шешімдер туралы мәліметтер,

5. Дәлелдемелік тарау:

а) айыпталушының тағылған айыпқа байланысты ұстанымы мен көрсетулері;

ә) айыпталушының алибиін теріске шығаратын дәлелдемелер жүйесі;

б) қылмыс оқиғасының және айыпталушының кінәлі екендіктің дәлелдемелік жүйесі;

в) кейбір дәлелдемелерге сыни көзқарас;

г) айыпталушының жазасын жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларға талдама;

д) айыпталушының жеке басының қоғамға қауіптілік деңгейін сипаттайтын мәліметтерді зерттеу.

Күрделі, көп эпизодты істерде айыптау қорытындысы эпизодтар бойынша құрылады, олардың әрқайсысы хронологиялық немесе жүйелік тәсілде баяндалады.

Айыптау қорытындысына тергеушінің ойынша сот мәжілісіне шақыртуға жататын адамдардың тізімі және іс бойынша қажетті анықтамалар тіркеледі. Сот мәжілісіне шақыруға жататын адамдар (жәбірленуші, куәгер, сарапшылар, т.б.) тізімінде олардың тегі, аты, әкесінің аты, тұрған (жүрген) жері және олардың жауаптары немесе қорытындылары келтірілген іс парағы көрсетіледі. Практикада, әдетте, бұл көрсетілген құжатта куәгерден, жәбірленушілерден және

айыптаушылардан жауап алу хаттамасы бар іс парағы ғана көрсетіледі, ал беттестіру хаттамасының қайда екендігін көрсетуді ұмытып кетеді. Бірақ, жауаптар келтірілген нақты мәліметтер кезін осы екі хаттамамен шектеуге болмайды. Сотқа шақырылатын адамдар тізіміне алдын ала тергеуде сұралғандардың барлығы емес, ең керектілері ғана кіреді.

Қылмыстық іс бойынша айыптау қорытындысына тіркелетін анықтамаларда алдын ала тергеудің мерзімдері, таңдалған бұлтартпау шарасы, айыпталушыны қамауда ұстау уақыты, заттан дәлелдеменің бар екендігі және қайда сақтаулы екендігі, азаматтық талап туралы мәліметтер, азаматтық талапты қамтамасыз ету шаралары мен мүлікті тәркілеу мүмкіндігі, алдын ала тергеу органдарының сот шығындарының түрі мен мөлшері көрсетіледі. Кейде, қашан және кімге қатысты қылмыстық ізге түсу қысқарғанда, айыпталушының жеке басын куәландыратын құжаттардың тұрған жері туралы мәліметтер көрсетіледі. Тергеу мерзімдеріне қатысты анықтамада мыналар болады:

1) қылмыс жасалған күн;

2) қылмыстық іс қозғалған күн;

3) істі жүргізуге алған күн;

4) оған басқа қылмыстық істерді біріктірген күн;

5) айыпталушылардың әрқайсысына айып тағылған күн;

6) алдын ала тергеу аяқталған және процеске қатысушыларды іс материалдарымен таныстырған күн.

20 және одан көп қылмыстарды қамтитын көп эпизодтық қылмыстық іс бойынша айыптау қорытындысын жасағанда ғана әрбір есі дұрыс айыпталушының қылмыс жасаған күнін анықтамада жеке-жеке көрсетпеуге болады. Егер заттай дәлелдемелер ісімен бірге сақталмаса, онда анықтамада олардың сақтаулы тұрған орны және істің қолхат пен түбіртегі бар беті көрсетіледі. Ал, заттай дәлелдемелер іспен бірге болса, анықтамада олардың тізбесі беріледі.

Кейде күрделі, көп эпизодты істер бойынша айыптау қорытындысына басқа да анықтамалар тіркеледі:

1. Мазмұны – материалдардың томдар бойынша орналасуы;

2. Жекелеген жәбірленушілерге зиянның өтелгендігі туралы кесте (анықтама).

3. Тергеу барысында алынған заттай дәлелдемелер мен құжаттардың тұрған жері туралы анықтама.

4. Айыпталушылардың әрқайсыларының қылмыстық әрекеттің эпизодтарына қатысу схемасы.

5. Қылмыстық әрекеттердің әрбір эпизоды бойынша неғұрлым маңызды деректер келті-

рілген карточкалар (қысқаша фабула, қатысқандардың аты-жөні, олардың кінәларының негізгі дәлелдемелері, орнын толтыруға жататын залал) және т.б.

Әдебиеттер

- 1 Тілеубергенов Е. Криминалистика. – Алматы, 2002. – 7 б.
- 2 Криминалистическая тактика. Под. ред. д.ю.н. В.П. Лаврова. – Караганда, 1999. – 37-б.
- 3 Гинзбург А.Я. Осмотр места происшествия, Освидетельствование. – Алматы, 1998. – 45-б.
- 4 Арыстанбеков М.А., Шакинов А.О. Криминалистика. Қарағанды. – Алматы, 2003.
- 5 Корухов Ю.Г. Криминалистическая диагностика при расследовании преступлений. – М.
- 6 Қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі өндіріс: Электрондық оқу құрал // Тяжина А.О., А.Л.Хан, А.Қ. Қалиев. – Қарағанды, 2010.
- 7 Оразалиев М., Еркін С., Есболаев Ф. Тергеушіге арналған анықтамалық кітап: Оқу-тәжірибелік құрал. – Алматы: Жеті жарғы, 2008.
- 8 Қылмыстық сот ісін жүргізудің сотқа дейінгі сатысындағы қылмыстық іс жүргізу актілерінің үлгілері/ Т.Е. Сәрсенбаевтың жалпы редакциясымен. – Қарағанды, 2009.

References

- 1 Tileubergenov E. Kriminalistika. – Almaty, 2002. – 7 b.
- 2 Kriminalisticheskaja taktika. Pod. red. d.ju.n. V.P. Lavrova. – Karaganda, 1999. – 37-b.
- 3 Ginzburg A.Ja. Osmotr mesta proisshestvija, Osvidetel'stvovanie. – Almaty, 1998. – 45-b.
- 4 Arystanbekov M.A., Shakenov A.O. Kriminalistika. Karagandy. – Almaty, 2003.
- 5 Koruhov Ju.G. Kriminalisticheskaja diagnostika pri rassledovanii prestuplenij. – M.
- 6 Kylmystyk ister bojnsha sotka dejingi odiris: Jelektrondyk oqu kural // Tjzhina A.O., A.L.Han, A.K. Kaliev. – Karagandy, 2010.
- 7 Orazaliev M., Erkinov S., Esbolaev G. Tergeushige arналган anyqtamalyk kitap: Oqu-tazhiribelik kural. – Almaty: Zheti zhar-gy, 2008.
- 8 Kylmystyk sot isin zhurgizudin sotka dejingi satysyndagy kylmystyk is zhurgizu aktilerin in ulgileri/ T.E. Sarsenbaevty n zhal-py redakciyasymen. – Karagandy, 2009.